

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК Торайғыров университета

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 2 (2024)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/UMJO2472>

Бас редакторы – главный редактор
Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *магистр*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Омарова А. Р.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

© Торайгыров университет

<https://doi.org/10.48081/DMNL6239>

***М. С. Искакова, Б. А. Еспенбетова, А. Ж. Зейнуллина**

Шәкәрім атындағы университет, Қазақстан Республикасы, Семей қ.

e-mail: mis0508@mail.ru

ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӘСІПКЕРЛІКТІҢ АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ӘСЕРІ

Бұл мақалада аймақтың инновациялық дамуы мен оған әсер ететін басты факторлар туралы сөз болады. Бүгінде инновациялар кез-келген кәсіпорынның және жалпы экономика дамуының стратегиялық факторына айналғаны айқын, оны өндіріске енгізу нәтижесінде техникалық деңгейі мен тиімділігін жоғарылатуға, өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және экономикалық өсімге қол жеткізуге болады. Шағын кәсіпкерліктің инновациялық дамуы нарықтың жаңа сегменттерін ашып, ғылыми идеяларды жаңа технологиялар мен өнімдерге айналдырып, ғылымның қарқындылығын арттырады. Ел экономикасының болашағын әлеуметтік-экономикалық жүйелердің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін инновацияларсыз елестету мүмкін емес. Инновация материалдық және зияткерлік капиталды жинақтаумен қатар экономикалық өсудің танылған факторына айналуға.

Соңғы онжылдықтарда отандық ғалымдар жүргізген кәсіпкерлікті дамыту, экономикалық дамудың мәселелерін терең зерттеуге қарамастан, шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайда Қазақстан экономикасының дамуына қосқан үлесі туралы мәселе өзекті болып қала береді. Бүгінде аймақтағы шағын кәсіпкерлік экономикалық және ғылыми-техникалық үдерістің қозғаушы күші мен экономиканың барлық салаларындағы жұмыс беруші болып саналады. Сондықтан аймақ экономикасының инновациялық дамуына шағын кәсіпкерліктің әсерін бағалау сұрақтары әлі де болса қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Кілтті сөздер: инновация, аймақ экономикасы, инвестициялар, өңірлік даму, шағын кәсіпкерлік

Кіріспе

Әлемдік жаһандану мен жаңа инновациялық экономика жағдайында өндірісті интеграциялау процестері өзгеруде. Заманауи ақпараттық технологиялардың дамуы инновациялық үдеріс жаңа сипаттамалар мен қалыптасу алғышарттарына ие болған және арқасында мүмкін болатын интеграцияның мүлде жаңа нысандарын қалыптастырған классикалық интеграция формаларына да әсер етеді. Шағын кәсіпкерлік ел халқының әл-ауқаты мен әлеуметтік тұрақтылығының материалдық негізін қалыптастыруда үлкен маңызы бар. Ішкі және сыртқы нарықтардағы өнімдер мен қызметтердің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуде шағын бизнестің рөлі маңызды болып табылады. Сонымен қатар, нарықта озық технологияларды құру, оларды сәтті коммерциялау және тұтынушылар қажет ететін өнімдерге немесе қызметтерге тез айналдыру қабілеті жаңа білім мен технологияларды құру қабілетіне қарағанда әлдеқайда маңызды [1]. Технологияларды ғылымнан өндіріске тиімді ауыстыру үшін барлық инновациялық қызметтің қатысушыларының (ғалымдар, инвесторлар, кәсіпкерлер, билік органдары мен тұтынушылар) белсенді ынтымақтастығы және ғылыммен айналысатын кәсіпорындар есебінен зияткерлік меншік құқықтарын толық іске асыру жағдайына қол жеткізу керек. Инновациялық дамуға шағын кәсіпкерлік арқылы қол жеткізуге болатындығы, жаңа идеяларды осы шағын кәсіпкерлік ұйымдарында іске асыру тиімді екені дәлелденіп отыр [2].

Материалдар мен әдістер

Инновациялық кәсіпкерлікті арттыру мәселелерін қарастыру барысында зерттеудің мынадай әдістері қолданылды:

- кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін негіздеуге бағытталған зерттеу мақсаты мен міндеттерін анықтау кезінде абстрактты-логикалық;
- ұйымдағы инновациялардың бар болуы жағдайына талдау жасау барысында экономика-статистикалық әдіс;
- инновациялық белсенділікті арттыру мәселелерін қарастыру және оларды шешуге бағытталған ұсыныстарды өңдеу барысында монографиялық әдіс қолданылды.

Зерттеу барысында инновациялық ұйымдарға сипаттама беріп, жағдайына талдау жасау негізінде, инновациялық белсенділікті арттыру мен анықтауға бағытталған ұсыныстар жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Зерттеу барысында анықталған экономикаға инновациялар тарту, ұйымдардың инновациялық белсенділігі, жалпы өңір экономикасының дамуы үшін практикалық маңыздылығы бар.

Нәтижелер және талқылау

Соңғы онжылдықта, әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде, жетекші экономикалар мен кластерлердің шектеулі шеңберінен тыс инновациялар таралуының салыстырмалы түрде жаңа және перспективалы тенденциясы пайда болды («Global Innovation Index» есебі, 2020). 2007 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан жаһандық инновациялық индекс (GII) рейтингінде Қазақстан Республикасы 2020 ж. 77 орында тұр. Жаңашылдықты ынталандыру - қазіргі заманғы тенденция, ол тек ірі бизнеске ғана емес, сонымен қатар шағын бизнеске де таралуда. Көптеген дамушы елдерде инновацияны дамытуға деген саяси ерік пайда бола бастайды. Сондықтан инновацияларды енгізу, мемлекеттік қолдау, жеке сектордың инвестициялануы бойынша әр түрлі тараптардың өзара әрекеттесу тәсілдерін әзірлеудің шұғыл қажеттілігі туындайды [3].

Қазіргі уақытта шағын кәсіпкерлік ұлттық экономиканың бәсекелестік ортасы мен тиімді құрылымын қалыптастырудың, тауарлар мен қызметтер өндірісінің, халықтың жұмыспен қамтамасыз етудің және маңызды әлеуметтік мәселелерді шешудің негізгі факторына айналып отыр.

Кез келген мемлекеттің экономикасы ірі, орта және шағын кәсіпкерліктің онтайлы үйлесімсіз қалыпты дами алмайды. Мұны әлемнің жетекші елдерінің экономикалық дамуының бүкіл тарихы дәлелдейді. Шағын бизнестің рөлі мен маңыздылығын экономикалық, ғылыми, техникалық, әлеуметтік, саяси тұрғыдан қарастырған жөн. Шағын бизнес әлемнің барлық индустриалды дамыған елдерінің әл-ауқаты мен әлеуметтік тұрақтылығының материалдық негізін қалыптастыруға үлкен үлес қосады. Шағын кәсіпкерлікті дамыту ғылыми-техникалық үдерістің жетістіктерін пайдалана отырып, ел экономикасын бәсекеге қабілетті экономикаға айналдыру үшін үлкен маңызға ие. Өркениетті елдер экономикасында шағын кәсіпкерлікке үлкен мән беріледі, олар шағын бизнесті дамытумен қатар мемлекеттің экономикалық дамуына негіз болатын орта буынды қалыптастырады [4].

Ресурстарға бағытталған экономикада экономикалық, ғылыми-техникалық, құқықтық, әлеуметтік-мәдени жағдайлар инновациялық кәсіпкерлік қызметті экономикаға қажетті белгілі бір деңгейде ынталандырады, бірақ оның сапалы экономикалық өсу үшін жеткіліксіз екені белгілі.

Аймақтардағы кәсіпкерліктің дамуы ел экономикасының тұрақты өсімін сипаттайтын стратегиялық бағыт болып табылады. Инновациялық даму үшін нарықта белгісіз, жаңа қажеттіліктерді қанағаттандыру. Іске асырылған инновациялық жобалардың көрсеткіші әмбебап болып

табылады, өйткені әр түрлі аймақтардағы, салалардағы және елдердегі ұқсас көрсеткіштермен салыстырып қана емес, сонымен бірге оларды іске асырудың белгілі бір кезеңінде қаржыландырылатын инновациялардың нақты қайтарымын көрсетеді. Бұл көрсеткіштің төмен мәндері әрқашанда енгізілген инновациялардың тиімсіздігін білдірмейді, өйткені көбінесе инновациялық жобалар ұзақ мерзімді болып табылады. Алайда, динамикада бұл көрсеткіштің өсіп келе жатқан мәні инновациялық үдерістердің оң тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді. Инновациялық дамуда жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) үлесінде инновациялық өнімдердің болуы маңызды.



Сурет 1 – Инновациялық өнімдердің
(тауарлар, көрсетілетін қызметтер) ЖІӨ-дегі үлесі, %
Ескерту – Әдебиет негізінде құрастырылған [5]


ЖІӨ-дегі инновациялық өнімдердің үлесі жыл сайын өсіп келе жатқанын байқауға болады. Инновациялық өнімдердің 2023 жылы жалпы ішкі өнімдегі үлесі 3,16 % болып отыр. Еліміздің нарығы үшін өте аз көрсеткіш.

Инновациялық белсенді кәсіпорындардың өсуіне қарамастан, отандық кәсіпорындардың инновация саласындағы кәсіпкерлік белсенділігі әлі де төмен. Қазақстан өзінің өндірістік базасын басқаруға және модернизациялауға кедергі келтіретін шетелдік әзірлемелерге және қазірдің өзінде қолданылып жүрген және қолданылатын технологияларға тәуелді. Жалпы ішкі өнімде инновациялық өнімдердің үлесі төмен.

Мысалы, Абай облысының даму стратегиясында аймақтық ғылым мен технологияны дамытудың бірқатар басым бағыттары анықталған, онда инновацияларды өндіру мен енгізу бойынша жұмыстардың қарқындылығын арттырудың нақты алғышарттары бар: биотехнология, баламалы энергетика,

энергияны үнемдейтін құрылыс, ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі. Технологиялық жаңалықтарды жүзеге асыратын кәсіпорындардың үлесі 2030 жылға қарай 40-50 % дейін, ал өнеркәсіптік өндірістің жалпы көлеміндегі инновациялық өнімнің үлесі – 20-25 % дейін өсуі керек.

Инновациялық дамудың моделін инновациялық жүйенің құрамдастары мен инновациялық қызмет тиімділігін, аймақ экономикасының даму динамикасын қамтамасыз ететін тетіктердің жиынтығы деп түсіну керек.



Сурет 2 – Инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері
Ескерту – Әдебиет негізінде құрастырылған [5]

2-суретте еліміз бойынша инновацияның барлық түрлері бойынша кәсіпорындардың инновациялық белсенділігінің негізгі көрсеткіштері берілген. Ұйымдардың инновациялық белсенділік деңгейі жыл сайын артып келеді. Бірақ, инновациялық қызметпен айналысатын ұйымдар саны аз.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша инновациясы бар ұйымдар саны 2019 жылы 273 болды. 2022 жылдан бері Абай облысы жеке облыс болып, Шығыс Қазақстан құрамынан бөлініп шықты. Жоғарыдағы суретте Шығыс Қазақстан облысы 2019-2021, Абай облысы 2022-2023 жылғы деректері көрініп тұр. 2023 жылы Қазақстан Республикасы бойынша инновациясы бар кәсіпорын 4018 болып отыр. Қызметінде инновацияларды қолданатын кәсіпорындар санын арттыру керек.

Аймақтың инновациялық даму проблемалары бірқатар қарама-қайшылықтардың болуына байланысты туындайды. Олар: инновацияның қайнар көзі болып табылатын ғылымның маңыздылығы мен оны жеткілікті түрде мемлекеттік және аймақтық деңгейде қаржыландырумен қамтамасыз етілмейтіндігі; экономиканы дамытудың инновациялық тәсіліне көшіру қажеттілігі артып келеді, бірақ аймақтарда бұл трансферттің мемлекеттік-жекеменшік тетіктері жеткілікті түрде дамымағандығы [6].

Статистика деректері бойынша кәсіпорындардың 80 %-дан астамы инновацияларға мүлдем қатыспайды. Мұның себептері өте көп, бірақ бастысы – инновациялық қызметті жүзеге асыруға жағдайдың жоқтығы, кәсіпорындардағы инновацияларға бейімділіктің төмен деңгейі. Әдістемелік деңгейде кәсіпкерлік пен инновацияның өзара байланысының болмауы инновациялық қызметтің қалыптасуына кедергі келтіреді.

Экономикалық дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, нарықтық экономиканың болуы жедел технологиялық өсудің жеткілікті шарты емес. Инновациялық саланың дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қажет. Ғылыми-инновациялық қызметті қолдау нысанына байланысты мемлекеттік стратегияның үш түрін қолдануға болатындығын көрсетеді:

1 Ғылыми-инновациялық қызметті мемлекет экономикалық өсімнің негізгі және анықтаушы компоненті ретінде тануды көздейтін белсенді араласу стратегиясы. Инновациялық саланы дамытудың басым бағыттарын таңдауда жетекші рөл негізінен мемлекетке тиесілі.

2 Реттеудің орталықтандырылмаған стратегиясы ғылыми-инновациялық салаларға мемлекеттің қатысуының күрделі механизмі ретінде қарастырылады [7].

Біздің ойымызша, Абай облысының әлеуметтік-экономикалық даму мақсаттары мен шағын кәсіпкерлікті дамыту міндеттерінің теңгерімін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерінде болжау-талдау моделдерінің кешенін ұйымдастыру сызбасы келесі ретте болады (сурет 3).



Сурет 3- Болжау және бағалау модельдерінің кешенін ұйымдастыру сызбасы

Ескерту – Автор құрастырған.

Абай облысында инновациялық дамуды, инновациялық өнім шығаратын кәсіпорындарды ынталандырудың келесідей жолдары қалыптасқан.

жаңа өнімдер мен технологияларды құру шығындарының 50%-ына жететін тікелей қаржыландыру (субсидиялар, несиелер);

инновациялық салада жұмыс істейтін кәсіпорындар үшін салық жеңілдіктері, соның ішінде ҒЗТҚЖ-ға шығындардың салық салынатын мөлшерінен босату;

зияткерлік меншік пен авторлық құқықты қорғауды заңнамалық қамтамасыз ету;

несие беру, оның ішінде пайыздық төлемсіз;

ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған мақсатты гранттар;

ықтимал коммерциялық тәуекелді ескере отырып, инновацияларды енгізу үшін қор құру;

инновацияларды енгізу шығындарының 50 %-ына жететін қайтарымсыз несиелер;

жеке өнертапқыштар үшін мемлекеттік баж салығын төмендету және салықтық жеңілдіктер беру, сондай-ақ оларды қолдау және экономикалық сақтандыру үшін арнайы инфрақұрылым құру;

- жеке өнертапқыштардың өтініштері бойынша ақпараттарды тегін жүргізу;
- тәуекелдерді азайту және шығындарды өтеу бойынша мемлекеттік бағдарламалар.

Аймақтың инновациялық дамуының тиімділігін бағалау әдістемесіне ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін, олардың нарықтағы сұранысының деңгейін, сондай-ақ инновациялық өнімді өткізуден нақты нәтижелерді бағалауға мүмкіндік беретін өзара байланысты көрсеткіштер жүйесі кіреді [8].

Қазіргі кезде жаңашыл кәсіпкерлерге тәжірибелік көмек өте әлсіз, сондықтан бағдарламалардың көпшілігі жеткіліксіз тиімді деп сипатталуы мүмкін. Инновациялық кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдау бағдарламаларының әсер ету тиімділігі факторлардың екі тобымен анықталады: а) ҒЗТҚЖ-ға инвестициялардың оңтайлы емес деңгейіне әкелетін нарықтық сәтсіздіктер; б) мемлекет инновациялық кәсіпкерлердің қызметін бақылауды өз қолына алғанда жүйелік мәселелердің шешілуі.

Мемлекеттік қолдау бағдарламаларында жаңашыл кәсіпкерлерге баса назар аудару керек, өйткені олар ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін әлемдік нарықта сұранысқа ие өнімге айналдыру үшін қажетті білімге ие. Инновациялық кәсіпкерлердің дамуын қолдаудағы мемлекеттік-жекеменшік серіктестікті қалыптастыру қағидатын сәтті жүзеге асыру үшін инновациялық кәсіпкерлер қызметінің нәтижелеріне меншік мәселесін тиімді шешу қажет [9].

Өткен жылдар тәжірибесі көрсеткендей, қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысқан жаңашыл кәсіпкерлер нарық инфрақұрылымына кірігіп кете алмады. Азаматтық салалардың басым көпшілігіне қатысты инновациялық кәсіпкерлерді қолдау саласындағы үкіметтік шаралар мемлекеттік инвестициялық саясатқа қосымша ретінде құрылуы керек, бұл өз кезегінде отандық білікті адами ресурстармен үйлесімді, заманауи технологияларды қамтитын инвестицияларды тартуға бағытталады.

Қорытынды

Осылайша, инновациялық кәсіпкерліктің дамуын ұйымдастыру мен басқарудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі мен заңнамалық-құқықтық базасын қалыптастыру арқылы, елдегі инновациялық кәсіпкерліктің дамуын ұйымдастырудың және басқарудың тиімді механизмін құру 2020-2025 жылдарда ғылыми-техникалық серпінді іске асыруға мүмкіндік берері сөзсіз.

Инновациялық белсенділікті арттыру мақсатында мемлекет алдында тұрған басты міндет – жоғары технологияларды дамыту мүддесінде мемлекет, бизнес және ғылым арасындағы қатынастарды үйлестіру; өз кезегінде ұлттық

экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды қамтамасыз ететін тетіктер құру [10].

Инновациялық кәсіпкерліктің дамуы технологиялық жетістіктер мен ілгерілеуге байланысты. Әлеуметтік және ғылыми үдеріс инновациялық кәсіпкерлерді дамыту арқылы, ал технологиялық үдеріс – адамның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау арқылы – жалпыға бірдей білім беру, мәдениет, медицина, тұрғын үй және әлеуметтік қамсыздандырудың барлық түрлеріне қол жетімділік арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан әлеуметтік инвестициялар бірінші кезекте кадрларды жан-жақты даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесіне, инновациялық саладағы, ғылым мен білімдегі жұмыскерлердің материалдық қауіпсіздігіне бағытталуы керек. Адамдардың әл-ауқатының өсуіне технологиялық жаңару негізінде өндіріс көлемін ұлғайта отырып, бір уақытта инновациялық кәсіпкерлікті дамыту арқылы қол жеткізуге болады. Адам әлеуеті мен инновациялық кәсіпкерліктің бірлесіп дамуы - өсудің бірден-бір жолы.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Майданевич, Ю. П., Бедрик, К. А.** Малый бизнес : понятие и преимущества // АНИ : экономика и управление. – 2017. – Т. 6, №2(19). – С. 177–181.

2 **Гулин, К. А., Хамидулина, Е. А.** Проблемы и перспективы развития малого предпринимательства. – Вологда : ВНКЦ ЦЭМИ РАН, 2005. – 76 с.

3 Global innovation index [Электронный ресурс] – <https://www.globalinnovationindex.org/gii-blog/2020/where-does-the-global-innovation-index-get-its-data--b236> 16.12.2023.

4 **Искакова, М. С.** Монография. Оценка влияния малого предпринимательства на инновационное развитие экономики. Алматы Эверо 2023.–185 б.

5 Национальное бюро статистики. <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-invest/> 15.01.2024

6 **Нурланова, Н. К.** Проблемы инновационного развития регионов Казахстана и пути их решения // Экономика и финансы. – 2011. №12. – С. 2–8.

7 **Zhao, Y. H., Song, X. G.** How should the Chinese government invest R&D funds: Enterprises or institutions? // Computational Economics. – 2018. – Vol. 52(4). – P. 1089–1112.

8 **Спанова, Л. К.** Проблемы инновационного развития Казахстана // Молодой ученый. – 2015. – №7(87). – С. 490–493.

9 **Tsagolov, G. N.** The Galbraith revolution and the development of convergence theory // In book : Galbraith: Return. – Moscow. : Kul'turnaya revolyutsiya, 2017. – P. 82–113.

10 **Ляманова, Е. А.** Влияние предприятий малого бизнеса на экономический рост // Фундаментальные исследования. – 2020. – № 4. – С. 57–61.

REFERENCES

1 **Maydanevich, Yu. P., Bedrik, K. A.** Malyy biznes : ponyatiye i preimushchestva // ANI: ekonomika i upravleniye. [Small business : concept and advantages] [Text] // ANI : economics and management. – 2017. – T. 6. – No. 2(19). – P. 177–181.

2 **Gulin, K. A., Khamidulina, E. A.** Problemy i perspektivy razvitiya malogo predprinimatel'stva [Problems and prospects for the development of small business] [Text] – Vologda : All-Russian Scientific Center TsEMI RAS, 2005. – 76 p.

3 Global innovation index <https://www.globalinnovationindex.org/gii-blog/2020/where-does-the-global-innovation-index-get-its-data--b23616.12.2023>.

4 **Iskakova M. S.** Monografiya. Otsenka vliyaniya malogo predprinimatel'stva na innovatsionnoye razvitiye ekonomiki. [Assessing the impact of small business on the innovative development of the regional economy] [Text] Almaty Evero 2023. – 185 p.

5 National Bureau of Statistics [Electronic resource]. – <https://stat.gov.kz/industries/business-statistics/stat-invest/> 15.01.2024

6 **Nurlanova, N. K.** Problemy innovatsionnogo razvitiya regionov Kazakhstana i puti ikh resheniya [Problems of innovative development of regions of Kazakhstan and ways to solve them] [Text] // Economics and Finance. – 2011. – No. 12. – P. 2–8.

7 **Zhao, Y. H., Song, X. G.** How should the Chinese government invest R&D funds: Enterprises or institutions? // Computational Economics. – 2018. – Vol. 52(4). – P. 1089–1112.

8 **Spanova, L. K.** Problemy innovatsionnogo razvitiya Kazakhstana [Problems of innovative development of Kazakhstan] [Text] // Young scientist. – 2015. – No. 7(87). – P. 490–493.

9 **Tsagolov, G. N.** The Galbraith revolution and the development of convergence theory // In book: Galbraith: Return. – Moscow. : Kul'turnaya revolyutsiya, 2017. – P. 82–113.

10 **Lyamanova, E. A.** Vliyaniye predpriyatiy malogo biznesa na ekonomicheskii rost [The influence of small businesses on economic growth] [Text] // Fundamental Research. – 2020. – No. 4. – P. 57-61.

16.01.24 ж. баспаға түсті.

17.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

16.05.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*М. С. Искакова, Б. А. Еспенбетова, А. Ж. Зейнуллина

Университет имени Шакарима г. Семей, Республика Казахстан

Поступило в редакцию 16.01.24

Поступило с исправлениями 17.01.24

Принято в печать 16.05.24

ВЛИЯНИЕ ИННОВАЦИОННОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА НА РАЗВИТИЕ ЭКОНОМИКИ РЕГИОНА

В данной статье пойдет речь об инновационном развитии региона и основных факторах, влияющих на него. Сегодня очевидно, что инновации стали стратегическим фактором любого предприятия и развития экономики в целом. Инновационное развитие малого предпринимательства открывает новые сегменты рынка, трансформирует научные идеи в новые технологии и продукты, повышает интенсивность науки. Невозможно представить будущее экономики страны без инноваций, обеспечивающих устойчивое развитие социально-экономических систем. Наряду с накоплением материального и интеллектуального капитала инновации становятся признанным фактором экономического роста.

Несмотря на углубленное исследование развития предпринимательства и экономического развития, проводимое отечественными учеными в последние десятилетия, вопрос о вкладе малого и среднего предпринимательства в развитие экономики Казахстана в современной ситуации остается актуальным. Сегодня малый и средний бизнес в регионе считается движущей силой экономического и научно-технического процесса и работодателем во всех сферах экономики. Именно поэтому вопрос оценки влияния инновационного предпринимательства на экономики региона по-прежнему остается одним из актуальных вопросов, требующих рассмотрения. Необходимость эффективной организации и

управления развитием инновационного предпринимательства объясняется не только их общегосударственной значимостью, но и экономическим содержанием.

Ключевые слова: инновации, региональная экономика, инвестиции, региональное развитие, малое предпринимательство

**M. S. Iskakova, B. A. Espenbetova, A. Zh. Zeinullina*

Shakarim University of Semey, Republic of Kazakhstan, Semey

Received 16.01.24

Received in revised form 17.01.24

Accepted for publication 16.05.24

INFLUENCE OF INNOVATIVE ENTREPRENEURSHIP ON THE DEVELOPMENT OF THE REGIONAL ECONOMY

This article will discuss the innovative development of the region and the main factors influencing it. Today it is obvious that innovation has become a strategic factor in any enterprise and the development of the economy as a whole. The innovative development of small businesses opens up new market segments, transforms scientific ideas into new technologies and products, and increases the intensity of science. It is impossible to imagine the future of the country's economy without innovations that ensure sustainable development of socio-economic systems. Along with the accumulation of material and intellectual capital, innovation is becoming a recognized factor of economic growth.

Despite the in-depth study of entrepreneurship and economic development conducted by domestic scientists in recent decades, the question of the contribution of small and medium-sized businesses to the development of the economy of Kazakhstan in the current situation remains relevant. Today, small and medium-sized businesses in the region are considered the driving force of the economic, scientific and technical process and an employer in all spheres of the economy. That is why the issue of assessing the impact of innovative entrepreneurship on the economies of the region still remains one of the pressing issues that require consideration.

Keywords: innovation, regional economy, investment, regional development, small business.

Теруге 28.05.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,04 Mb RAM

Шартты баспа табағы 17,4

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4253

Сдано в набор 28.05.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

5,04 Mb RAM

Усл.п.л. 17,4. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4253

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz